



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Орта бизнестің орны бөлек

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың орта бизнес өкілдерімен өткізген кездесуінде өңдеу өнеркәсібін дамытуға қатысты ауқымды мәселелер қаралды.

Жиынға Астана, Алматы және Шымкент қалаларының кәсіпкерлері, «Атамекен» ҰКП, сондай-ақ министрлер, қала әкімдерінің орынбасарлары мен кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және мемлекеттік қолдауға жауапты квазимемлекеттік сектор басшылары қатысты.

Наурызда VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы елімізге экономиканы дамыту жолында өздеріне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет екенін атап өтті.

асыру, мемлекеттік сатып алу, салық салу, сертификаттау, индустриялық аймақтар мен индустриялық парктарды дамыту, инновацияларды енгізу, экспорт, жұмыс орындарын құру, кадр даярлау және тағы басқа мәселелерді талқылады.

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният өзекті мәселелерге тоқталды.

Премьер-министр мемлекеттік органдарға бизнес қауымдастығымен бірге көтерілген барлық мәселелердің шешімін пысықтау



Қытай біздің сыртқы саясатымызда аса маңызды рөл атқарады

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың CCTV телеарнасына берген сұхбатында айтты.

- Әділдікті ту еткен Жаңа Қазақстан құрғыңыз келетінін талай рет айттыңыз. Өзіңіздің ел басқару философияңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз. Жалпы, Қазақстанды қай бағытта дамытқыңыз келеді?

- Мен еліміздің Еуразия құрлығында жүріп жатқан үдерістердің ортасында болғанын қалаймын. Қазақстан әлемнің осы бөлігіндегі сауда жолдары мен халықаралық қатынастарды реттеуде аса маңызды рөл атқарады. Қазақстанның болашағы жарқын болатынына сенімдімін. Сол себепті елімді экономикасы дамыған, озық елдердің қатарына қосу үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Қазақстан осындай сыртқы саясат ұстанса, табысқа жетеді. Бейбітшілікті жақтау, барлық елмен тиімді достық қатынаста болу біздің тарихи тағдырымызға жазылған. Ең алдымен, көршілес елдермен арадағы достығымызға баса мән береміз. Бұл ретте Қытай аса маңызды рөл атқарады.

- Енді әңгімемізді Қытай

мен Қазақстан арасындағы қатынастар мәселесіне қарай бұрайық. Қарым-қатынастарды екі тарап та тұрақты әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік ретінде сипаттайды. Негізі, бұл - Қытайдың сыртқы саясатында ерекше жағдай. Осы терминнің қалыптасуына өз үлесіңізді қосқаныңызды білемін. Жалпы, Қазақстанның қазіргі сыртқы саясатында Қытайдың орны қандай?

- Қытай біздің сыртқы саясатымызда аса маңызды рөл атқарады. 2019 жылы қыркүйек айында мен Қытайға мемлекеттік сапармен бардым. Біз ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен нәтижелі келіссөз жүргіздік. Халықтарымыздың ынтымақтастығын нығайту үшін екі жаққа да тиімді саясат жүргізу жөнінде уағдаластық. Демек, біз екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті, мәңгі достықты нығайта түсуіміз керек. Бұл қазақ халқының мүддесіне, нақтырақ айтқанда, ұзақ мерзімді мүддесіне толық сай келеді. Мен осындай саясатты берік ұстануға ниеттімін. Жақын көршіміз - Қытаймен арадағы стратегиялық серіктестіктің маңызды екені сөзсіз.

- Қытай мен Орталық Азия елдері бір-бірімен жақындаса түсті деген

пікірлер бар. Осыған байланысты не айтасыз? Осындай геосаяси тепе-теңдік жағдайында елдердің жақындай түсуіне алаңдаушылық білдірушілер де жоқ емес.

- Бұл жөнінде ешқандай күмәнді пікір болмауға тиіс. Себебі біздің ниетіміз - түзу әрі шынайы. Қытай экономикасы әлемде екінші орында тұр. Сондықтан Қытайдың атқаратын рөлі жоғары және сіздің еліңізбен жақсы қарым-қатынаста боламыз.

- Жалпы, екіжақты экономикалық қатынастарды алдағы уақытта қалай дамытқыңыз келеді?

- Экономикалық ынтымақтастық саласында керемет нәтижелерге қол жеткіздік. Бірақ біз алға қарай жылжуымыз керек. Сондықтан мен Қытай өркениетінің бесігі саналатын Сиань қаласына жасайтын алдағы сапарымнан үмітім мол. Бізге жаңа келісімдер, жаңа мәмілелер қажет. Себебі біз бір орында қалып, нәтиже күтіп отырмауымыз керек. Осынау күрделі әлемде экономикалық байланыстарымызды нығайтуға күш салуға тиіспіз. Мен екі ел жастарының ынтымақтастығы мен достық қарым-қатынасын дамытуға ниеттімін. Жас буын бірін-бірі жақсы білуі қажет.



«Орта бизнестен зор үміт күтіп отырмыз. Ол бәсекеге қабілетті өнім шығаратын және кең ауқымды қызмет көрсететін өңдеуші сектордың қозғаушы күшіне әрі драйверіне айналуға тиіс», деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Кездесу барысында қатысушылар қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өнім көлемін ұлғайту, импортты алмастыру және жаңа өндіріс орындарын дамыту, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге

үшін тапсырма берілетінін айтты.

Ол әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, орта бизнес үнемі өзгеріп отыратын нарықтық жағдайларға тез бейімделетінін атап өтті. Бұл оны өз кезегінде экономикалық дамудың аса маңызды бағдарына айналдырады. Сол себепті дамыған елдер шағын кәсіпорындарды әлемдік нарықтағы позициясын кеңейтіп, нығайтуға белсенді түрде ынталандырып отырады.

Әлем чемпионатындағы жеңісі үшін боксшыларымыз 1,3 млн доллар алады

Бокстан Қазақстан ерлер құрамы Ташкентте өткен әлем чемпионатында бес медаль жеңіп алды. Оның төртеуі - алтын және біреуі - күміс.

Аталған марапаттар үшін қазақстандық боксшылар халықара-

лық бокс қауымдастығынан (IBA) қомақты қаражат алады. Мысалы, алтын - 200 000 долларға, күміс - 100 000 долларға бағаланады.

Сонымен қатар, Қазақстан бокс федерациясы да чемпиондарды құр алақан қалдырмайды. Оларға

қосымша 100 000 доллардан төленеді.

Осылайша, Қазақстан құрамы турнирдің жалпы жеңімпаздары мен жүлдегерлері 1 300 000 доллар табыс тапты.

Естеріңізге сала кетейік, Санжар

Тәшкенбай (48 кг), Махмуд Сабырхан (54 кг), Асланбек Шымбергенов (71 кг) және Нұрбек Оралбай (80 кг) әлем чемпиондары атанса, Дулат Бекбауов (67 кг) күміс медаль еншіледі.

«Созақ үні» - ақпарат.



Бала тәрбиесі басты назарда болуы тиіс

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында кәметке толмағандардың қатысуымен жасалатын қылмыс пен құқық бұзушылық және оқыс оқиғалардың алдын алу бойынша жиын өтті. Жиынға ауыл, кент округ әкімдері, мектеп директорлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психолог мамандар, ата-аналар және БАҚ өкілдері қатысты.

Аталған шараны аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, жүргізіп

отырды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров, аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Ержан Нұрғазиев, облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының бас маманы Қайрат Әбдірахманұлы баяндама жасап, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Мағжан Өскен шомылу

маусымы басталуына байланысты ата-аналарының бақылауынсыз кәметке толмаған балаларды тиым салынған жерлерге суға түсуге, таулы аймақтарға шығуға болмайтындығы жөнінде хабарлады. Бұл туралы арнайы дайындалған видеороликтер көрсетіліп, жадынама парақшалары таратылды.

Сонымен қатар, аудандық

мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан прокуроры Ержан Қожабеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов қоғамда орын алып жатқан жағдайлар мен мәселенің маңыздылығы туралы өз ойларын ортаға салды. Жиынға қатысушы ата-аналар сұрақтар қойып, өз ұсыныстарын жеткізді.

Аталған шара Созақ ауылы, «Созақ» жалпы орта мектеп-гимназиясында жалғасты.

Қоғамдық кеңестің отырысы болып өтті

Өткен аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық Қоғамдық Кеңестің отырысы болып өтті. Жиынды аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы М.Сапаров ашып, жүргізіп отырды.



Қоғамдық Кеңес отырысына Қазақстан Республикасының «Қоғамдық Кеңес туралы» Заңының 7-бабының 6 – тармағына сәйкес аудан әкімдігінің тиісті бөлім басшылары және жергілікті БАҚ өкілдері қатысып отырды.

Жиында белгіленген күн тәртібі бойынша Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің «2022 жылдың қаңтар айының басынан 2023 жылдың бірінші тоқсаны бойынша жинақталған, конкурса түсетін жер учаскелерінің тізімі мен орналасу схемаларын келісу туралы сұранымы талқыланды. Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан жер мәселесі бойынша біршама сұрақтар мен ұсыныс пікірлер айтылды. Өз кезегінде аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Б.Әбенұлы алдағы уақытта айтылған ұсыныстар бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері толық келісім білдіріп, қарар қабылданды.

Қыз-келіншектердің қатысуымен жүгіру марафоны өтті



Шолақорған ауылындағы орталық стадионда 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні мерекесі қарсаңында аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және денешынықтыру, спорт бөлімі мен «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен алғаш рет қыз-келіншектер арасында жүгіру марафоны ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын ұстану мен бұқаралық спорты одан әрі дамытуға ар-

налған шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, мерекелік құттықтауын жеткізді. Көп жылдан бері мұқтаж отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, бүгінде өз ісін дөңгелетіп отырған іскер әйелдер мен отбасылық құндылықтарды сақтауда көпшілікке үлгі болып отырған көп балалы аналар және қыз-келіншектерден құралған «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің алдағы

жұмыстарына сәттілік тілеп, ұйымдастырылған бұқаралық спорттың маңыздылығына тоқталып өтті. Сондай-ақ ағымдағы жылы ауданда спорт саласы бойынша атқарылар жоспарларымен бөлісті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат депутаты Рабиға Отыншиева, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова салауатты өмір салтын ұстану мақсатында ұйымдастырылған марафон қатысушыларына сәттілік тілеп, ізгі тілектерін арнады.

Айта кетейік, айтулы мереке қарсаңында ұйымдастырылған марафонға әр түрлі қоғамдық іс-шаралардан бөлек, қайырымдылық істерімен үнемі айналысып отыратын, ауданда түрлі салада қызмет етіп жүрген 150-ге жуық қыз-келіншектер қатысты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Журналистика саласының үздігін қабылдады

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ұзақ жыл журналистика саласында із қалдырып, ұшқыр қаламымен талай дүниелерді қамтып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған Мұратова Қалдыкүлді қабылдады.

«Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, құрмет көрсетті. Ауданның ақпараттық-идеологиялық саясаты мен әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтып,



алдағы күндеріне толағай табыстар тіледі.

Айта кетейік, бұл атақ Қалдыкүл Қамалқызына аудандық мәслихаттың өткен жылғы шешімімен берілген болатын. Аталған уақытта өзге өңірде болуына байланысты бүгін табысталды.

Қалдыкүл Қамалқызы 1955 жылы Шолақорған ауыл округі, Абай елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1972 жылы аудандық «Молшылық үшін» газетінде әдеби қызметкер-тілші болып бастап, 2008 жылы «Молшылық» газетіне редактор болып тағайындалған. 2012 жылдан «Созақ үні» газетінің тілшісі қызметін абыроймен атқарып, 2019 жылы зейнетке шыққан.

«Еңбектің басы-бейнет, соңы-зейнет»

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен, «Еңбектің басы-бейнет, соңы-зейнет» тақырыбында еңбек ардагерлерімен кезде-

көрсетіліп, мемуоеттік қызметтің қызығы мен шыжығы туралы әңгімелер айтылды. Жастар тарапынан ағамызға сұрақтар қойылып, өнерпаз жастар өз өнерлерін ортаға салды. Пардабек ағамыз да өнерден қалыс емес екенін дәлелдеп, домбырамен ән



су кешін өткізді. Іс-шараның басты мақсаты-ауданның дамуына еңбегі сіңген еңбек ардагерлері мен зейнеткерлерін жастарға насихаттау болып табылады.

Аталған кездесу Созақ ауданның дамуына еңбегі сіңген, мемлекеттік қызметтердің барлық сатысынан өткен, жол көрсетер ұстаз, Созақ ауданының құрметті азаматы Пардабек Сақтап-бергенұлымен өтті.

Жиын барысында Пардабек ағамыздың өмірбаяны жайлы дайындалған бейнеролик

шырқап берді. Еркін форматтағы керемет кеш көпшіліктің де, кейіпкердің де көңілінен шықты деген ойдамыз.

Кездесу соңында «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының директоры Оспанов Марат Әбілқайырұлы ізгі тілегін арнап, мекеменің атынан алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етті.

Біржан САРЖАНОВ,
«Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының маманы.

Қазақ ұлтының Темірқазығы Алаш қайраткерлері



Барлық нәрсенің бастауы дін десе, сол діннің басында пайғамбарлар тұрғаны хақ. Ал енді, сол пайғамбарлардың да жанында серіктестері, сахабалары тұрған. Міне, сол пайғамбарлардың саруары Мұхаммед (Ол кісіге Алланың сәлемі мен игілігі болсын!) өзінің сахабалары жайлы: «Менің сахабаларым тура бір аспандағы жұлдыздар секілді, қайсысын басшылыққа алып жүрсең де адаспайсың» деген екен.

Ал енді біздің қазақ халқының ұғымында егер сапарда болсаң Темірқазық жұлдызын басшылыққа алу керек, сонда адаспайсың деген жазылмаған қағидат бар. Демек, бұл дегеніңіз Қазақ ұлты үшін Темірқазықтың маңызы зор дегенді білдірсе керек-ті. Осы ретте, егер тарихшыларымыздың, оның ішінде алаштанушылардың сөзіне сүйенсек, Алаш қайраткерлері соңғы 100 жылдықта қазақ халқы үшін Темірқазық испетті болып келген. Әрине, егер сол Алаш арыстарының идеясы идея күйінде қалып қоймағанда бүгінде Қазақ ұлтын әлем халықтары Жапон, неміс немесе корей халқын мысал еткендей мақтанышпен мысал етіп отырар ма еді. Дегенмен, біздердің үлкен өкінішімізге орай бұл Қазақ халқы үшін күні бүгінге дейін тек идея, аңсаған арман ғана болып келді. Алайда, арманның қандайына болсын түбі бір қол жеткізуге болатынын тарих көрсетіп берді. Олай дейтінім, сол Алаш қайраткерлерінің басты идеясы қазақ ұлтының империалистік пиғылдағы Орыс патшалығы мен Кеңес өкіметінің бодауынан ажырап, тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болуы еді. Араға бір ғасырға жуық уақыт болса да алаштықтардың арманы жүзеге асты. Осыдан нақ 32 жыл бұрын, 1991 жылдың Желтоқсан айының 16 күні Қазақстан Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Ал енді, бұған дейін, 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті. Сонымен, бүгінгі әңгіміміз Еліміздің егемендігінің темірқазығы болған Алаш идеясының авторлары Алаш қайраткерлері жайында болатынын оқырмандарымыз ендігі аңғарған да болар. Ә, айтқандай әңгіміміздің басын Алаш қайраткерлерінің Қазақ халқының осыдан 32 жыл бұрын қол жеткізген тәуелсіздігінің темірқазығы болғанын сөз етіп бастаған едік қой. Ендігі жерде, яғни, мақаламыздың қалған бөлігінде сол ойымызды тарқатып беруге тырысамын.

Алаш идеясы Қазақ халқы үшін Алаш арыстарының аманаты

Иә, күні бүгінге дейін Алаш идеясы, арыстарымыздың еліміз егемен ел болсын деген мақсатта жүргізген барлық күрестері Кеңестік бағытта тәрбие алған тарихшыларымыздың тарапынан тек бір саяси қозғалыс сияқты ғана сипат алып келді. Бірақ, еліміз егемендігін алған, тәуелсіздігін жариялаған 30 жылдан астам уақытта санасы Кеңестік құрсаудан тәуелсіз тарихшыларымыз да сахнаға шыға бастады. Демек, бұл Алаш қайраткерлерінің елімізді егемен ету идеясының келесі кезеңі еді. Халқымыз үшін қастерлі идеяның келесі сатысына өттік, Алаш қайраткерлерінің саяси күрестерге толы жүріп өткен жолын бұрынғыдай тек ұлт азаттық қозғалыс ретінде ғана қарастыруды қанағат тұтпайтын тарихшылар легі пайда болды. Солардан бірі де бірегейлері ретінде: Тұрсын Жұртбайды, Сұлтанхан Аққұл мен Елдос Тоқтарбайлардың атын әспеттеп айтуға әбден болады. Қалың қазақ жұрты өзге тарихшылардан бөле жарып: «Алаштанушылар», «Әлихан, Ахмет немесе Міржақыптанушылар» деп нам беріп, ерекшелік жүрген жүрген ерлеріміздің айтып-жазып жатқанынан әлі де айтары мен жазары көп. Олай дейтінім, ғылым мен технологияның дамығаны мен еліміздің тәуелсіздік алуының 30 шы жылдарында мен тарихшыларымыздың санасының да тәуелсізденуі себепті Алашорданың тарихы да тәуелсізденуде. Уақыт, Алаш қайраткерлерінің идеясы мен сол идеяны жүзеге асырудағы әрекеттеріне жаңаша баға беруге алып келді. Айтайын дегенім, кешегі Кеңес заманындағы 70, Егемен ел болғаннан кейінгі 30 жылды қосқанда шығатын 100 жыл, бір ғасыр уақытымыз зая кетіпті ғой. Ең өкініштісі, соңғы 30 жыл бойы тек жалған ұранмен дамыған 30 елдің көшбасшысына айналамыз деп, іс жүзінде әлі күнге дейін сол дамыған елдердің шаңын қауып келгеніміздің басты себебі осы. Территориялық тәуелсіздігімізді жарияласақ та, Тарихи санамыздың әлі де болса тоталитарлық жүйеге тәуелді болып келгені. Дегенмен, «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, егемендігімізді алған алғашқы елу жылдың 30 жылдығында тарихи санамыздың тәуелсізденгеніне, тоталитарлық жүйеге тәуелді тарихи сананың қазан болып жатқанына Жаратқанға жалбарына шүкір етуіміз керек. «Ештен-кеш жақсы» деп,

өзіне-өзі дем беріп қоятын ел емеспіз бе, өткенге салауат!

Ендігі жерде, сол тарихи санасы тәуелсіздік алған тарихшыларымыздың, алаштанушыларымыздың сөзіне құлақ түріп, біз де тарихымызға тәуелсіз көзбен қарап, тәуелсіз баға бере бастауымыз қажет. Мына бүгінгі мақаланы да сол баға берудің бастауы деп қабылдаңыздар! Сондай-ақ, бұл қабылдауды да әлгі тәуелді және тәуелсіз ойлайтын тарихшыларымыздың алға тартып отырған аргументтерін салыстыра отырып, баға беруден бастайық! Сонымен, тоталитарлық тәуелді тарихшыларымыздың түйіндеуінше, кешегі Кеңес өкіметі тұсында Алаш қайраткерлерінің идеясының жемісі Алаш өкіметін құрулары ғана болған. Ал, тәуелсіз ойлайтын тарихшыларымыздың айтуынша, Алаш идеясынан туған туындының атауы Алаш республикасы болған. Олардың алға тартып отырған аргументтері де мынадай: Біріншіден, тоталитарлық жүйеге тәуелді ойлайтын тарихшыларымыз айтқандай Алаш қайраткерлерінің құрғаны Алаш Республикасы емес, Алаш өкіметі ғана болуы қисынға келмейді. Себебі, кез-келген өкіметтің өкімет болуы үшін оның әуелі мемлекет болуы шарт. Мысалға қазіргі Қазақстан Республикасының Ата заңына сүйенсек, негізгі мемлекет құраушы күш ол- Халық. Ал енді, сол Мемлекет құраушы күш халық сенім білдіріп, мемлекет басқарудың тізгінін ұстатқан құрылымды Конституция бойынша билік деп атайды. Ал, биліктің ең жоғарғы органы не Президент немесе Парламент болуы мүмкін. Ол енді мемлекеттің, яғни, халықтың президенттік немесе парламенттік басқаруды қалап, референдумда дауыс беруіне байланысты. Мәселен, біздің халқымыз осыдан 32 жыл бұрын мемлекеттік басқарудың президенттік түрін таңдағаны үшін егеменді елімізді, Қазақстан Республикасын күні бүгінге дейін Президент басқарып келеді. Әрине, осы 32 жылдың ішінде мемлекетті басқарудың Парламенттік жүйесіне ету арақидік сөз болып та жүр. Мұны енді уақыт көрсетеді. Айтайын дегенім, әр екі басқару түрінде де, мейлі ол президенттік немесе парламенттік басқару болсын, биліктің мемлекет істерін жүргізудегі жұмыс жоспарларын жүзеге асыратын жауапты органы «өкімет» деп атайды. Демек, мемлекет болмаған жағдайда өкіметтің де болуы мүмкін емес. Бұл тұрғыдан алғанда тарихқа тәуелсіз қарайтын тарихшыларымыздың, алаштанушыларымыздың алға тартып отырған аргументтері амалсыз мойындайтын, шынайы

шындық. Екіншіден, кез-келген ұлттың мемлекет қалыптастыруы үшін оның ең әуелі тәуелсіз территориясы болуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда да алаштанушылардың аргументі мықты. Олардың келтіріп отырған дәйектеріне сүйенсек, Кеңес өкіметінің күн көсемі Лениннің тұсында Алаштың көсемі Алихан Бөкейхан өзі бастаған Алаш қайраткерлері іргетасын қалаған Алаш Республикасының тәуелсіздігінің алғы шарты ретінде, қазақ мемлекетінің территориялық тұтастығын растайтын құжаттарды әзірлеп, өзінің сүйікті шәкірті, Алаш қайраткерлерінің бірі де бірегейі Әлихан Ермековты Мәскеуге жібереді. Осы ретте, алаштанушыларымыз Әлихан Нұрмаханбетұлының бұл әрекетін бар болғаны семинария бітірген Владимир Ульяновты әлемнің тоғыз мемлекетінің мемлекеттік тілінде еркін жазып-сөйлейтін, жоғарғы білім иесі өзіменен тең көрмеуімен түсіндіреді. Бұл жайында әрине, алдағы уақытта кеңінен тоқталатын боламыз. Үшіншіден, кез-келген мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығының кепілі ретінде оның Атазаңы, әскері т. б. құндылықтары болуы тиіс. Ал мұның барлығы алаштанушыларымыз алға тартып отырған Алаш Республикасының болғанына аргумент ретінде жетіп артылады. Өне, ағайын! Осыдан кейін де тәуелсіз ойлайтын тарихшыларымыз, алаштанушыларымыздың Әлихан Бөкейхан бастап, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат сынды Алаш қайраткерлері қостап құрған Алаш республикасының (Қазақ мемлекетінің) болғанын жоққа шығарып көріңіз. Бұдан шығатын қорытынды, 32 жыл бойы ел билеп келген Қазақстан билігі мен әлі күнге дейін жан-жағындағы, яғни, өздері достық, ынтымақтастық қарым-қатынаста болып отырған елдерге бүгінге дейін биіктен қарап келген Ресей билігінің: «Қазақстан бұған дейін мемлекет болмаған. Қазақстан мемлекетінің іргетасын тек Нұрсұлтан Назарбаев қалаған деп келуінің артында үлкен астар жатыр. Мақсаттары, Қазақстанды біз мемлекет етіп отырмыз, оларға бүгінгі күнге дейін иелік етіп келген жерлерін біз тарту еткенбіз. Қаласақ, қайта тартып ала аламыз деп, жымсық саясаттарын жүзеге асыру. Мұны енді кезіқарақты оқырман Жириновский, Никонов сынды орыстың шовинист, шенділерінің күн сайын Ресей БАҚ-ры мен әлеуметтік желілерден айтылып жүрген сандыраққа толы сөздерінен аңғарып отырған шығар. Сөз соңында. Мына мақаламыздың мақсаты күні бүгінге шейін кеңестік, тоталитарлық жүйенің тар шеңберінен шыға алмай келген санасы тәуелді тарихшыларымыздың Алаш қайраткерлерінің бүгінгі Егемен еліміздің тәуелсіздігіне темірқазық болып келген мәңгілік идеясы мен мемлекеттігіне біржақты, сыңаржақ көзқараста болып келгендерін оқырманға жеткізіп. Тарих сахнасына түрен салып отырған, тәуелсіз ойлайтын тарихшыларымыздың, арда алаштанушыларымыздың бұдан бір ғасыр бұрын, Алихан, Ахмет пен Міржақыптар бастаған Алаш қайраткерлерінің идея жүзінде ғана емес, іс жүзінде де Мемлекет құрғандығын алға тарту еді. Ойлаймын, ішінара болса да мақсатымызға ұластық. Ендігі жерде Алаш Республикасының (алғашқы Қазақ мемлекетінің) қашан, қалай құрылғандығы және ғұмыры неге ұзақ болмағандығы жөнінде жаза жатармыз!

Данияр БЕК.

Қуандықты бала кезінен жақсы білемін. Бізден бір-екі жас кішілігі бар. Десе де бір ауылда өсіп, бала-лық шағымыз бірге өтті. Асық ойнап, ләңгі теуіп, қозы-лақ қайырып, Қызылкөлдің суына шомылып, есейдік. Кішкентайынан атасының тәрбиесінде өскен ол өте ұғымтал еді. Үлкен кісілердің әңгімесін ұйып тыңдайтын. Ұлттық тәрбиені жастайынан бойына сіңірді. Менен екі жас кішілігі бар. Соған қарамастан Қуандық (суретте) екеуіміздің арамызда айтылмайтын сыр қалмайтын. Шопанның баласы болғандықтан екеуіміз де мектептің жанындағы интернатта жатып оқыдық. Ол сабаққа да тәуір болатын. Әсіресе әдебиет, тарих сабақтарын жақсы көретін. Мұғалімдер оның болашағынан мол үміт күтті. Білім ұясында оқып жүргенде үлгілі тәртібі мен сабаққа деген зор құлшынысымен көзге түсті. Қоғамдық жұмыстарға да бел-



барғанда байқағанымыз қорадағы қызу еңбек еді. Қуандықтың інісі Тәжіғали көмекшісі ешкілерді қайырып жүр. Көктемгі қырқым қызу жүріп жатыр екен. Қызылкөл ауылынан қырқымға көмекке келген Бағдат Расилов, Асыл Ахметов, Алмас Әлжанов қайшыларын жылдам қозғап, ешкілерде әп-сәтте қырқып, бітіріп жатыр. Киіз үйдің жанында Қуандықтың жұбайы Айшагүл Ысқақова (суретте) күбі пісіп жатыр екен. Қой ауылдағы осы көрініс менің ойыма балалық шағымды оралтты.

Мен де балалық шағымды қой ауылда өткізгенмін. Осылайша тіршілік ететін едік.

Шаруагер Қуандық бір топ ешкілерді суаттан қайтарып келеді. Бізді көріп, ат басын ауылға қарай бұрды. Үйіне жақындай келе, бізге сәлем берді. Көктемнің желі бетін өпкен жігіт ағасы қияқ мұртын бір сипап қойды да шаруа-жайын баяндады. Төңірекке раң, қоңыр басы қалың бітіпті. Таудан соққан желмен баяу тербеледі. Жусандар да жақсы балақтапты, көгеріп тұр, асыранды итері алаңсыз ұйқыны сойып жатыр. Қарындары тоқ көрінді. Қуандық айтады: «Бұлар менің серігім. Күндіз ұйықтайды да, түнімен ешкілерді қасқырдан қорғайды. Өздері өте сақ. Таза қазақы иттердің тұқымы. Осы қонысқа наурыздың ортасында көшіп келдік. Өткендегі жауыннан кейін жердің оты жақсы көтерілді. Қазір ешкілер жақсы тойынып қалды. «Есің кетсе, ешкі жай» дегендей түліктің осы түрін өсіруді қолға алдым. Қазір ұжымның мүшесі емеспін. Жеке шаруа қожалығы болып бөлініп шықтым. Сегіз жүзге тарта ешкім бар. Бұл өте өсімтал мал. Үнемі егіз лақтайды. Түбітін жақсы қабылдайды. Бағасы да жоғары. Жыл сайын Шымқалаға барып қабылдаушыларға өткізіп жүрмін. Жазғы жайлау осы Қарауылтөбесінің жанындағы қора. Қолайлы жайылым. Осы жерден төңіректің бәрі көрінеді. Төбеге шықсаң Шолаққорған, Құмкент, тау баурайындағы ауылдар тегіс көз алдында тұрады. Көнекөз қариялар ерте заманда бұл жер қарауылдық қызмет атқарған деседі. Жан-жақтан көрінген жауларды алыстан көріп отырады екен. Сондықтан «Қарауыл төбе» атанып кетсе керек.

Қыс қыстауым «Балғын» деп аталады. Оның да өзіндік тарихы бар. Жалпы жер-су аттары тұнып тұрған тарих қой. Сәке, өзің білесің, мектепте алдыңғы қатарлы оқушылардың санында болдым. Оқуға баруға да ниетім бар еді. Десе де әкем кәрі, інілерім жас болды. Соларға қарайладым. Мен оқуға кетсем, оларға кім қамқор болады. Сол жағын ойладым. Шүкір, еңбегімнің арқасында мал таптым. Отбасымыздың жағдайы жақсарды. Қазір жұрт қатарлы өмір сүріп жатырмыз. Інілерімді үйлі-жайлы еттім. Қарындасымды ұзаттық. Анам да сексеннің сегізгіріне келді. Әкем біраз жылдар бұрын қайтыс болды. Ол кісінің өнегесін алдым. Өте әңгімешіл. Қарпайым, зерек кісі болатын. Қолының епсептігі бар-тын. Жүген, тартпа, ер, тоқым, арба, ноқта, пышақ, өмілдірік жасайтын. Сондай-ақ қасқыр-түлкі, қоян терісін илеп, бас киімдер, сырт киімдер тігетін. Бұрынғы әңгімелерді жақсы айтатын. Шежіре қария еді. Сол кісіден әңгімелердің көбін естідім. Көңіліме тоқыдым. Нәтижесінде құйма құлақ бала атандым.

Көмекшім інім Тәжіғали да еңбекқор. Айтқанымыз екі етпейді. Сол екеуіміз бірігіп, ешкі бағып жатқан жайымыз бар,-деп Қуандық Қарауыл төбенің биігіне қарап қойды.

Шаруа адамының бір күндік тыныс-тіршілігімен танысқан біздер Қ.Сатыбалдиевпен жылы қоштасып, ат басын Шолаққорғанға қарай бұрдық. Қуандық ешкілеріне қарай қарыштай қадамдап бара жатты.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі, «Созақ үні»
газетінің бас редакторы.

Қуандықтың арышты адамы

сене қатысатын. Әдеби кітаптарды, газет-журналдарды көп оқитын. Менің алғашқы жазған мақалаларымды сол кездегі «Молшылық үшіннен» оқып қуанғаны әлі есімде. Сол кездері мен оны мақалама арқау етіп, аудандық газетте шығатын «Мектеп өмірі» айдарына көп жазатынмын. Әлгі мақалаларды оқып маған талай рахметін айтқан.

Мектепті бізден екі жыл кейін бітірді. Мен шаруашылықта еңбек етіп жүргенімде олар білім ұясынан түлеп ұшты. Қуандықты ұстаздары мен сыныптастары жоғары оқу орнына кететін шығар деп үміттеніп жүрді. Ол мектеп бітірген күні жайлаудағы әкесінің қой ауылына тартып отырды. Келсе, мұның үйіне ферма меңгерушісі Асқанбек Бөкенов келіп отыр екен. Іздегенге сұраған. Жас түлек қуанып кетті. Ол іштей әбден ойын пісіріп келген еді. Қалайда шопан боламын деп. Өйткені отбасының бас көтерер азаматы өзі еді. Ағасы өте момын кісі. Ал әкесі болса жасы келген қария болатын. Өзінен кейінгі інілері жас. Осыларды ойлай келе, қой бағуды қалады. Сол кездері шопандарға барлық жағдай жасалатын. Қыста жылы үй, жазда табиғаты керемет жайлау. Оның үстіне Қуандық қарапайым шопанның отбасында өсті. Бір шетінен бауырларын жеткізсем деп ойлады. Шопан таяғын қолына алу себебі осы –тын. Осы шешімін ферма меңгерушісіне жеткізіп, шопан болатындығын айтты. Жігерлі жастың ойын Асқанбек көке қуана құптады. Өтінішін қабылдап, №3 фермаға шопан етіп бекітті. Бұл өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы болатын. Әуелі көмекші шопан болды. Бір жылдан кейін Кеңес әскері қатарына шақырылып, борышын өтеп қайтты. Әскери өмірде әбден шындалған жас ауылға келген соң бұрынғы жұмысына қайты кірісті. Енді ол бір отар тоқты алып, аға шопандықты қолына алды. Байырғы шопандар Сайлаубек Теңізбаевтан, Қуанышбек Еркінбековтен Төкен Шәмшиевтен, Жидебай Жақыповтан, Жақан Зұллыхаровтан тәжірбие жинақтады. Алдыңғы толқын, байырғы шопандар одан ақыл-кеңестерін аяған жоқ. Олардан мал бағудың қыры мен сырын үйренді. Еріну дегенді білмейтін қағилез жігіт бел шешпей еңбек етіп,

табыстың тай қазанын тасытты. Жыл сайын бағымындағы қойларды өз телі есебінен көбейтіп, кең шардың маңдай алды шопандарының қатарына қосылды. Жүн, тері, ет өндіруден алдына жан салған жоқ. Сол арқылы бауырларының жағдайын жақсартты. Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптапты ыстығында әбден шындалды. Әріптестері арасында зор беделге ие болды. Құрметке бөленді. Жас шопан ретінде талай алқалы жиындарға қатысты. Отарындағы қойлары әрқашан қоңын жоғалтқан жоқ. Нәтижесінде қойлары күзгі күйекке қоңды түсті. Тұсақтарынан келесі жылы 130 дан

ге тура келді. Және жауын-шашынға қарамай далада жүресің. Мұның бәріне әрине тезуге тура келеді. Озат шопан мұндай қиындықтың бәрінен өте білді.

Кеңшар тарқағанан кейін Қ. Сатыбалдиев «Құмкент» өндірістік кооперативінде қалып, ата кәсібін жалғастырды. Кооперативті де озат шопандардың көшін бастады. Шаруашылығын дөңгелетіп, үнемі меже үдесінен шықты. Әрине кооператив болғаннан кейін бұрынғыдай барлық жағдай жасалған жоқ. Қыстаудан жайлауға, күздеуге өзінің техникасы күшімен көшіп-қонуға тура келді. Жүк көлігін және тіркемесін сатып алды. Соның арқасында қоныстан-қонысқа көшуді қиындық кездеспеді. Мал азығын да қыстауға жеке меншігіндегі автокөлікпен жеткізді. Қыстаудағы қораны, тұрғын үйді үйді өз күшімен жөндеуден өткізді. Қора сонау кеңес кезеңен қалған. Оны қайтадан реттеуге тура келді.

Еңбегімен елге танылып, қарышты қадаммен алға қарай нық қадам басқан ол Тасты ауылының бойжеткенімен жүрек лүпілін қосқан Қуандық шаңырақ көтеріп, жұбайлық өмір жалғастырды. Жас отау иелері өздерінің тәрбиелілігін, инабаттылығын отбасылық өмірде танытып, ошағының отын лаулатып келеді. Қуандықтың бойындағы жақсы қасиеттерді ғұмырлық серігі де жете түсініп, сезінді. Міне осы жарасымдылықтың арқасында шаңырақтарының түтіні тұзу ұшып келеді.

Көктемнің керемет шуақыты шағында біз Қуандықтың жазғы жайлауына ат басын бұрдық. Бабатаның төңірегіндегі Қарауылтөбенің маңында отырған шопан ауылына табан тіредік. Көк жақсы көтеріліп, түліктер тойына бастаған екен. Сондайдан ешкілердің қарасын көрдік. Жақындай келе жусанды, раңды бырт-бырт үзіп жайылып жатқан ешкілерді көрдік. Қораға жақындап



төл алып ұжымшардың маңдай алды шопандарының қатарына қосылды. Сөйтіп жылдан жылға табысты тасқындалатып, жас озат шопан атанды.

Демалыс күні жоқ күндіз-түні бірдей жұмыс жасайтын шопандық кәсіп оңай емес. Күндіз үй бетін көрмей еңбек ету-әрине адамды шаршатады, қажытады. Әйтсе де жүрек қалауымен қиындығы мен қызығы мол шаруаға Қуандық төзе білді. Күндіз-түні дейтініміз түнде отарды ит-құстан күзетуге тура келеді. Және жауын-шашынға қарамай далада жүресің, Мұның бәріне тезу-

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 наурызындағы №106 бұйрығымен; «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін ха-

шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет; ФУ3- пестицидтерді, био-агенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын 10 қаңтарына дейін; ФУ4-химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, био-агенттерді қолдануды жүзеге

Фитосанитариялық есептілік ұсыну мерзімдерінің өзгергендігін хабарлаймыз

барлаймыз. Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі №331 Заңының 13-бабы 1-тармағына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. Осыған байланысты, аудандық аумақтық инспекцияға есептердің мынадай түрлері мен мерзімдері бойынша ұсынады; ФУ1- пестицидтерді, био-агенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін; ФУ2- пестицидтердің, био-агенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10

асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін; ФУ5- тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін; есептілікті Созақ ауданына қарасты жеке және заңды тұлғалар (ШҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) табыс етуі керек. Ал, ФУ-6, ФУ7- ФУ8- фитосанитариялық есептіліктерін тапсыру алып тасталғанын хабарлаймыз.

А.АУЛИЕВ,
Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Үй жануарларын міндетті есепке алу

Түркістан облысы ветеринария басқармасы ҚР «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңының 21-бабы 2 тармағына сәйкес үй жануарларының иелеріне 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап үй жануарларын есепке қою(чиптеу) бойынша арнайы «TANBA» дерекқор базасы жұмыс істейді. Әр азамат өзінің иелігіндегі ит-мысығын есепке қоюға міндетті. Аталған қызмет ветеринар мамандары тарапынан ақылы негізде жүргізілетін болады. Чип салу бізге не үшін қажет? Чип салу жануарларға неғұрлым жауапкершілікпен қарауға септігін тигізеді және қаңғыбас иттер мен мысықтарға қатысты мәселені шешуі мүмкін. Иесі жануар үшін жауапты, ол жануар қоғамға қауіпті болмайтындай жағдай жасауға міндетті. Бірдейлендірудің заманауи әдістері мыналарды қамтамасыз етеді: 1. Жануарларды ауыстырып алу мүмкін емес. 2. Құтыруға және басқа да

жұқпалы ауруларға қарсы вакцина егілмеген жануарларды тасымалдау мүмкін емес. 3. Чип салу – жануарды иеленуге қатысты дау туындаған кезде маңызды дәлел бола алады. Чип жануардың өмір бойы қауіпсіз және сенімді түрде сәйкестендірілуіне, алдағы жүз жыл ішінде нөмірдің қайталанбауына кепілдік береді, ал биоүйлесімді шыны микро-чиптің жылжып кетуіне жол бермейді. Бүгінгі күні жануарларға чип салумен аудан, қалалардағы ветеринариялық малдәрігерлер айналысады. Құрметті үй жануарларының иелері, осы мәселеге жауапкершілікпен қарап, үй жануарларыңызға қамқорлық жасауды сұраймыз. Есепке алу қағидаларын бұзған жағдайда 10 АЕК айыппұл көзделген

ТО Ветеринария басқармасы «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-ның Созақ ауданы филиалы.

Эхинококкоз - бұл ауыр созылмалы ағыммен және эхинококкалық кисталардың әртүрлі ағзалар мен тіндері пайда болуымен сипатталатын гельминтоз. Ауру көбіне еңбек ету қабілетінің жоғалуы мен мүгедектікке алып келетін ауыр асқынуларды тудырады. Эхинококк адам организмінде тек қана дәрнәсілдер түрінде паразиттік тіршілік етеді, бауыр, өкпе, бас миы, жүрек және басқа да ағзаларды зақымдайды. Оның дәрнәсілдері кисталар құрып ағзаның тіндеріне енеді және көбейеді. Емдеу паразиттің орналасуына, клиникалық көрінісіне және науқастың жалпы жағдайына байланысты. Хирургия-

Эхинококкоз ауруының алдын алу

лық араласу емдеудің негізгі әдісі болып табылады. Негізінен адамдар мен ауыл шаруашылығы жануарлары үшін инфекция көзі қоздырғыштың микроскопиялық жұмыртқаларын сыртқы ортаға бөлетін жұқпалы иттер болып табылады. Жұмыртқалар иттердің жүнінде, олардың нәжістерінде, жерде немесе шөптерде (ит жатқан жерде), ашық су қоймалары суында (иттердің нәжістері түсуі мүмкін) бо-

луы мүмкін. Эхинококктер жуылмаған жемістер мен көкөністерді қолданғанда, шикі және термиялық сапасыз дайындалған етті қолданғанда организмге түсуі мүмкін. Эхинококк жұмыртқалары сондай - ақ малдың жүніне (иттер ластаған жерден), ал одан малды қырку, сауу, бағу немесе теріні өңдеу кезінде адамның қолына түсуі мүмкін. Алдын алу шаралары: адамның эхинококкозды жұқтыруын алдын

алуда негізгісі жеке гигиена ережелерін сақтау, балалардың иттермен жақын қарым-қатынасын шектеу, көкөністер мен жемістерді мұқият жуу, жануарлармен жанасқаннан соң қолды жуу болып табылады. Бұдан басқа, үй жануарларын мезгіл-мезгіл ветеринариялық дәрігердің тексеруі, паразитке қарсы дәрілермен профилактикалық емдеу жүргізуі қажет. Қарапайым алдын алу шараларын сақтау денсаулықты сақтауға және ауруды болдырмауға көмектеседі. **Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің назарына!

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін өтінішін қабылдау ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2023 жылдың 13 сәуірінде Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының № 137 бұйрығымен Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынының көлемін қалыптастыру ақпараттық жүйеде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Жеке кабинет ашу үшін веб-порталда тіркелу кезінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

- 1) жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;
- 2) бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН-сы;
- 3) байланыс деректері (почта мекенжайы, телефон, электрондық почта мекенжайы);
- 4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші бір жұмыс күні ішінде веб-порталдағы жеке кабинетке енгізілген дербес шоттың деректерін өзгертпеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші АЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында дизель отынының көлемін алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) қалыптастырады.

Тананың бір кадастрлық нөмірі бойынша қайта-қайта өтінім жіберуге жол берілмейді. Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауыл шаруашылығы кооперативі (бұдан әрі – ауыл-шаркооперативі) ауылшаркооперативіне өтінім береді.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген бірлескен кәсіпкерлік нысанында ұйымдастырылған шаруа немесе фермер қожалығы шаруа немесе фермер қожалығына өтінім береді.

Бұл ретте дизель отынының көлемін алушы ауылшаркооперативі не шаруа немесе фермер қожалығы болып табылады.

Өтінімнің “қаралуда/бекітілді/бас тартылды” деген мәртебесі веб-порталдағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің деректері, сондай-ақ тиісті алаңдағы жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында (оның ішінде ауылшаркооперативінің не шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы АЖ-ның “Заңды тұлғалар” немесе “Жеке тұлғалар” мемлекеттік дерекқорларымен және автоматтандырылған мемлекеттік жер кадастры жүйесі және “Жылжымайтын мүлік тіркелімі” мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде автоматты түрде расталады.

Дизель отынының көлемін есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өтінімде тананың кадастрлық нөмірі мен жер учаскесінің ауданын, сондай-ақ егілетін/жиналатын ауыл шаруашылығы дақылының түрін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемін есептеу АЖ-да 1 га арналған дизель отыны шығысының нормативін ескере отырып, автоматты түрде жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемін есептеу

№ Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Тананың кадастрлық нөмірі және оның алаңы, гектар	1 гектарға арналған (килограмға) дизель отыны шығысының нормасы	Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемі (тонна, килограмм)	
1	2	3	4	5

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отыны шығысының базалық нормативтері

№ Дақылдың атауы	1 га (килограмм) арналған дизель отыны шығысының нормативі	көктемгі егіс жұмыстарына	егін жинау жұмыстарына
1 Дәнді және бұршақты дақылдар	15,46	15,60	—
2 Картоп	51,52	140,71	—
3 Көкөністер	15,91	125,61	—
4 Майлы дақылдар	14,45	18,24	—
5 Сүрлем (жүгері)	11,74	85,84	—
6 Бау-бақша дақылдары	16,00	5,05	—
7 Біржылдық шөптер	14,36	10,83	—
8 Көпжылдық шөптер	11,48	—	—

Баяндалғанды ескере отырып, интернет-ресурста аграрийлер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыруға Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің өтінімдерін электрондық мекенжай бойынша қабылдау ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін қамтамасыз етуді сұраймыз: <https://bpm.gosagro.kz/auth/login>.

Бұл ретте ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ыялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

